T.C.
MUĞLA SITKI KOÇMAN ÜNİVERSİTESİ
Mühendislik Fakültesi Dekanlığı

**To whom it may concern,**

**Review on Olzhas Adilkhanov's PhD dissertation**

The dissertation of Olzhas Adilkhanov, a doctoral student at the Narxoz University, on the specialty "6D050600 - Economics" is aimed at solving scientific and practical problems.

The first part of the dissertation presents the author's approach to the term "export diversification" and suggests his own assessment method, highlighting the lack of methods needed to assess the process of export diversification. It is a good quality of a researcher to see a certain problem in the research and try to solve it.

This dissertation is relevant not only from theoretical aspect but also practical. In the second part of the dissertation research, doctoral student Adilkhanov Olzhas comprehensively analyzes the exports of manufacturing industry on the example of Kazakhstan and its regions, assesses the possibility of diversification of exports of the regions of Kazakhstan using the proposed method.

The third section develops a scenario for the development of exports of Kazakhstan's manufacturing industry and provides mechanisms for its implementation. The conclusions and recommendations of the author are valuable and can be of interest to researchers in this field, organizations responsible for exports.

Current global political and economic tensions indicate the need for further study of export diversification, so the dissertation can be considered as highly relevant.

In general dissertation work is performed in accordance with the requirements. I believe that Olzhas Adilkhanov's dissertation for the degree of Doctor of Philosophy in "6D050600 - Economics" can be admitted to defence.

Professor, Dr. Mustafa Nursoy
Scientific adviser

*Adres: Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi Mühendislik Fakültesi, 48170 – MUĞLA*
*Dekanlık Tel: 0 (252) 211 19 11 Fax: 0 (252) 211 19 12*
*e-mail: muhendislik@mu.edu.tr*

/Logo: UĞLI/

**Түркия Республикасы Мугла Сытки Кочман университеті**

**Инженерлік факультетінің деканы**

**Сұраған жерге**

**Олжас Адилхановтың PhD диссертациялық жұмысына пікір**

Нархоз университетінің докторанты Адилханов Олжастың «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша дайындалған диссертациялық жұмысы ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Диссертацияның бірінші бөлімінде «экспортты әртараптандыру» терминіне авторлық көзқарас ұсынылып және экспортты әртараптандыру процесін бағалауда қажетті әдістемелердің жеткіліксіздігіне тоқталып, өзіндік бағалау әдістемесін ұсынады. Зерттеу барысында белгілі бір проблеманы көру және оны шешуге талпыну ғылыми ізденушіге тән жақсы қасиет.

Бұл диссертациялық жұмыс тек теориялық емес, сонымен қатар практикалық мазмұны жағынан маңызды. Өйткені докторант Адилханов Олжас диссертациялық зерттеудің екінші бөлімінде Қазақстан және оның аймақтары мысалында өңдеу өнеркәсібі экспортын жан жақты талдайды, өзі ұсынған әдістемені пайдалана отырып Қазақстан аймақтарының экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалайды.

Үшінші бөлімде Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортының даму сценарийін әзірлеп оны іске асыру тетіктерін ұсынады. Автордың жасаған қорытындылары мен ұсыныстарының құндылығы бар және осы саладағы ізденушілерге, экспортқа жауапты ұйымдарға қажетті құрал болып табылуы мүмкін.

Қазіргі әлемдік саяси және экономикалық шиеленістер экспортты әртараптандыру тақырыбын одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетіп отыр, сондықтан диссертациялық жұмыстың өзектілігі жоғары.

Жалпы диссертациялық жұмыс талаптарға сай орындалған. Олжас Адилхановтың «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы қорғауға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Профессор, доктор Мустафа Нурсой

Қарашаның он жетісі екі мың жиырма екінші жыл.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма-мәтін аудармашы Куанышева Манара Маратовнамен жасалды.

Қолы ____________________

Қарашаның он жетісі екі мың жиырма екінші жыл. Мен, Сепбайкызы Газиза, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 20.01.2022 ж. берілген № 22000862 лицензиясы негізінде әрекет етуші, нотариус, ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармашының, Куанышева Манара Маратовнананың, ЖСН 941221450479 қойылған қолының дұрыстығын куәләндырамын. Аудармашының тұлғасы анықталған, әрекет ету қабілеттілігі және уәкілеттігі тексерілді.

Реестірде тіркелген № 285
Төленді: 1624 теңге төленді

Нотариус

ES7807151221117105019O94450E
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Қарашаның он жетісі екі мың жиырма екінші жыл.

Мен, Сепбайкызы Газиза, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 20.01.2022 ж. берілген № 22000862 лицензиясы негізінде әрекет етуші, нотариусы 2022 жылдың «20» қантарда осы көшірменің құжаттың түпнұсқасымен дұрыстығын куәландырдым. Соңғысында тазартылып өшірілген, қосылып жазылған, сызылған сөздер және өзге де келісілмеген түзетулер немесе қандай да бір ерекшеліктер болған жоқ.

Тізілімде №286 тіркелді

Өндірілді: 306 теңге

Нотариус

(екі)

парақта/страницах

Нотариус